

УДК 148509

Кудьярова Шолпан Таубаевна

филология ғылымдарының кандидаты Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, Алматы қ.

e-mail: nazko_0408@mail.ru

Иманкулова Назым Кайратовна

Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, Алматы қ.

e-mail: nazko_0408@mail.ru

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Мақалада жаңа технологиялар, соның ішінде интербелсенді әдістерге жалпылама талдау жасалынып, оның тәжірибеде қолданылуына баға берілген. Дәстүрлі сабақ беру әдісі мен жаңа технологияны пайдалана отырып түрлендірудің айырмашылықтары талданып, сарапталған. Сондай-ақ, интербелсенді әдістердің ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды орындау - оқушыларға оқытылып отырған пәннің тәжірибелік тұрғыдан қолданылу нәтижесін көруге мүмкіндік беретіндігі айқындалып, үйренушінің пәнге деген қызығушылықтарын арттыратындығы көрсетілді. Зерттеу жұмысының негізінде пәндерді оқытудағы интербелсенді әдістер түсінігі жан-жақты қарастырылып, оқушыларға пәнді меңгертуде интербелсенді әдістің тиімділігі ұсынылды. Бұл зерттеу жұмысының нәтижелерін алдағы уақытта білім беру үрдісінде пәндерді оқытуда қолдану ұсынылады.

Түйін сөздер: жаңа технология, интербелсенді әдіс, түсінік, үйренуші, мәдениет, интернет

В статье представлен обобщенный анализ новых технологий, в том числе интерактивных методов, и его применение на практике. Различия были проанализированы с использованием традиционной методики преподавания и новейших технологий. Кроме того, с учетом особенностей интерактивных методов, выполнение задач показало, что учащиеся могут видеть результаты практического использования изучаемого и повышают интерес к изучению предмета. На основе исследований была тщательно изучена интерактивная концепция обучения предмету, и учащимся была представлена эффективность интерактивного метода обучения. Автор рекомендует использовать результаты данного исследования в преподавании предметов.

Ключевые слова: новая технология, интерактивные методы, концепция, ученик, культура, интернет ссылки

The article presented a general analysis of new technologies, including interactive methods, and its application in practice. Differences were analyzed using traditional teaching methods and advanced technologies. Moreover, taking into account the peculiarities of interactive methods, the fulfillment of tasks showed that learners can see the results of the practical use of the subject and increased interest in studying it. Based on the studies, the interactive concept of teaching subject was carefully studied, and the learners were shown the effectiveness of the interactive method in teaching subjects. It is recommended that the results of this research be used further in teaching subjects.

Key words: new technology, interactive methods, concept, learner, culture, Internet links.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»
Н.Ә.Назарбаев

Әлемдік бәсекелестік заманында әрбір адамның білім сапасын, қабілеттілік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселесі күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды. Қай заманда да өркеніеттің өрлеуі интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске аспақ.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның даму үрдісін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Білім алушының түрлі ақпараттың

толассыз ағынында бағытталуы қиынға түсіп отыр, ол үшін оның талдау, құрылымдау, жүйелеу, мәселені шешу дағдылары жетік дамытылуы тиіс. Ал бұл, педагог жұмысындағы тікелей жасалатын әдістерден бас тартылып, ғибратты сарыннан тежелуді, оның есесіне бірінші орынға қарым-қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, шындықты бірлесіп іздеуді, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды білдіреді. Яғни, мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу материалын қаншалықты меңгергенін бақылаудың сан түрлі жаңа әдістерін іздестіру, жаңа технологияларды

сабақта тиімді пайдалана білу.[1;151]Осы орайда, жаңа әдістердің негізгісінің бірі- «интербелсенді оқыту әдісі».

Интербелсенді оқыту- әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге қол жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істері қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі әдіс-тәсілдері ретінде танылады.

Интербелсенді әдістерде басты назарды “үдеріске”, яғни үйрену үдерісінің өзіне, білім алушылардың “қалай” және “қандай әдістер арқылы үйренетіндігіне” аударады. Яғни, интербелсенді сөзі – өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді. Осы жерде білім алушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды. Себебі, интербелсенді оқытудың басты мақсаты – білу емес, үйрене білу.[2;17]

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;

өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;

ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;

өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру; пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;

шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық);

рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар; ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай т.б.);

презентациялар;

тренингтер;

сауалнама т.б.

Интербелсенді әдістерді қолдануда кейбір ережелерді есте сақтау қажет:

Бірінші ереже: Жұмысқа балалар толығымен қатысуы керек.

Екінші ереже: Балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін-өзі көрсетуіне жол беру.

Үшінші ереже: Кабинет талапқа сай болуы қажет.

Төртінші ереже: Жұмыс орнына назар аудару қажет. Оқу орны ыңғайлы және жайлы болуы қажет. Бала өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет.

Бесінші ереже: Оқу барысында регламентке назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, сыныптасының пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау.

Алтыншы ереже: Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау.

Интербелсенді әдіс өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін білім берудің негізгі көзі саналады.

Оқу үрдісі барысында мынадай қарым-қатынасқа түседі:

Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);

Өзге балалармен (жұппен жұмыс істеу барысында)

Шағын топтармен (3-5 баламен);

Балалардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);

Балалардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);

Кейбір техника түрлерімен (мысалға, компьютермен).[3;35]

Интербелсенді оқыту әдістерін пайдалану кезінде:

тиянақты білім;

қиялдау мен шығармашылық; тез тіл табысу; белсенді өмірлік көзқарас; командалық рух; жеке, дербестік құндылық; өз пікірін білдіру, еркіндік;

іс - әрекетке ерекше назар аудару; өзара сыйластық дағдылары дамиды.

Сондай-ақ, оқушылар түсіну үрдісіне толыққанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ білім алушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интербелсенді

оқытуда оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекеттестігі ауысады.

Интербелсенді оқытудың мәні мынада: оқу процесі іс жүзінде барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайды, түсінуге және рефлекстеуге мүмкіндігі болуы тиіс. Таным процесінде білім алушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруді білдіреді, білімдерін, идеяларын, іс-әрекет тәсілдерін алмасу жүргізіледі. Және де бұл мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады, ол тек қана жаңа білім алуға мүмкіндік беріп қоймайды, таным әрекетінің өзін де дамытады. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға, еркін ойлаушы азамат екендігіне мән беруіміз керек.

Интербелсенді әдіс қолдану кезінде мыналар ескерілуі керек:

- тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы;
- тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау;
- педагогикалық қолдау көрсету.

Сабақта интербелсенді әдістерді пайдалануда мынадай шарттар орын алулары тиіс: мақсатты нақты белгілеу, мұғалім оқушылардың топпен жасалатын жұмыстарының мәнін, ережесін түсініп, топпен жұмыс жасауға дайын екендіктеріне толық сенімді болу керек. Интербелсенді әдістерге мыналар жатады: проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, пікірталастар, топпен жұмыс, «миға шабуыл» әдісі, зерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік

ойындар, «инсерт» әдісі, сахналау, тест сынағы әдісі, дебат, т.б. Интербелсенді әдіске сондай-ақ, әр түрлі көмекші құралдарды, яғни ақпараттық қорларды пайдалану: интербелсенді тақта, бейне материалдар, слайдтар, флипчарттар, компьютерлер бейне фильмдер мен бейне сюжеттерді қарап шығып талқылау, әртүрлі науқандар мен акцияларды пайдалана отырып, таныстырулар жатады. Оқытудың интербелсенді әдістерінің артықшылығы:

оқушылардың қызығушылығын туғызады; әрқайсысының оқу үрдісіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;

әрбір оқушының сезіміне назар аударады; оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;

оқушыларға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді;

кері байланысты (аудиторияның жауап беру реакциясын) жүзеге асырады; оқушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады; өмірлік машықтарды қалыптастырады; мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Қазіргі уақытта оқу сабақтары барысында оқытудың интербелсенді әдістерін және интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Сондықтан оқу тәрбие үдерісінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларымызды үйрету-әр педагогтың басты міндеті болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Нағымжанова Қ.М. Бастауыш білім берудегі жаңа технологиялар: Оқу құралы - Өскемен, 2005, 151
2. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар- Алматы, 2006.,176
3. А Әлімов «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану». Алматы -2009, 35б
4. Интернет жүйелері

Кудьярова Шолпан Таубаевна

Лауазымы: филология ғылымдарының кандидаты, Шет тілдер және іскерлік карьера университеті

Пошталық мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Нұркент ықш. ауд., 5/15

Ұялы.тел: +7 775 175 24 97, +7 707 820 38 97

Иманкулова Назым Қайратовна

Лауазымы: Шет тілдер және іскерлік карьера университеті

Пошталық мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Нұркент ықш. ауд., 5/15

Ұялы.тел: +7 775 175 24 97, +7 707 820 38 97

Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы білім беру үрдісінің тиімділігін арттыру

Кудьярова Шолпан Таубаевна

Должность: кандидат филологических наук, Университет иностранных языков и деловой карьеры

Почтовый адрес: Республика Казахстан, г.Алматы, микрорайон Нуркент, 5/15

Сот. тел: +7 775 175 24 97, +7 707 820 38 97

Иманкулова Назым Кайратовна

Должность: Университет иностранных языков и деловой карьеры

Почтовый адрес: Республика Казахстан, г. Алматы, микрорайон Нуркент, 5/15

Сот. тел: +7 775 175 24 97, +7 707 820 38 97

Повышение эффективности учебного процесса с помощью интерактивных методов

Kudyarova Sholpan Taubaevna

P Mailing address: Republic of Kazakhstan, Almaty, micro district Nurkent, 5/15

Mob.phone: +7 775 175 24 97, +7 707 820 38 97

osition: Candidate of Philological Sciences, University of Foreign Languages and Business Career

Imankulova Nazym Kairatovna

Position: University of Foreign Languages and Business Career

Mailing address: Republic of Kazakhstan, Almaty, micro district Nurkent, 5/15

Mob.phone: +7 775 175 24 97, +7 707 820 38 97

Improving the efficiency of the educational process using interactive methods